

Ректор қабылдауы



Zhubanov University ректоры 1 курс студентін қабылдады.
«Бүгін Өскемен қаласынан Ақтөбемізге, Хериот-Уотт кампусына оқуға түскен студентіміз Таир мен анасы Жұлдыз ханымды қарсы алдым. Таир — «Computer engineering» бағдарламасына оқуға түскен Назарбаев зияткерлік мектебінің түлегі.

Жұлдыз ханым Instagram желісінде баласының бізге оқуға түскенін,

жақында Өскеменнен келетінін айтып бірнеше рет хат жазды, кездесудің бүгін сәті түсті.

Биыл Хериот-Уотт кампусына 1 курсқа 250 студент қабылданды. Барлығына оқуда еңбекқорлық, табандылық және сәттілік тілеймін!», — деді ректор қабылдаудан соң.

Гүлнара Қараша

Осы санда

АКАДЕМИК АПАЙДЫҢ
АМАНАТЫ



4-5 66

АНГЛИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРІМ
ӨТЕ ҚАРАПАЙЫМ,
БІЛІМДІ, ТАЛАПШЫЛ



6-7 66



8-9 66

ZHUBANOV UNIVERSITY:
ЖАҢА БІЛІМ
АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ
АЯҚТАЛДЫ

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ZHUBANOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫ ПОЛИМЕР ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСАДЫ

«ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің шетелдік жетекші университеттерінен сарапшыларды тарту саясатына сәйкес Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Қытай Халық Республикасынан өртке төзімді полимерлерді әзірлеумен айналысатын ғылыми топ өкілдері келді», — деп хабарлады ЖОО Баспасөз қызметі.

Шетелдік ғалымдар тобы құрамында Қытай Ғылым және технологиялар университетінің ғалымдары Юань Ху, Синь Ванг, Джисин Джу, Гонконг Политехникалық университетінің профессоры Бен Фей және Тунцзи университетінің профессоры Дженгжоу Ванг бар.

Олардың бәрі полимер ғылымында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізген ғалымдар. Әсіресе профессор Юань Худың отқа төзімді материалдарды зерттеп жүргеніне 30 жылдан астам уақыт өтіпті, соның барысында 600-ден астам мақаласын жариялаған, 70-тен астам патент алған. Профессор Синь Вангтің жарық көрген 200-ден астам ғылыми мақаласы бар, хирш индексі — 70. Профессорлар Бен Фей мен Дженгжоу Ванг те экологиялық таза, отқа төзімді материалдарды зерттеу саласы бойынша жазылған 200-ге жуық мақала авторы, ал Джисин Джу өртке қарсы қауіпсіздікті басқарудың интеллектуалды жүйелерін зерттеумен айналысады.

Қытайлық сарапшылар Zhubanov University ғалымдарымен біргелікте өртке төзімділігі жоғары материалдар жасау бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз тәжірибелерімен алмаспақ ниетте. Ортақ ғылыми жоба полимерлер мен полимерлі композиттер негізінде көпфункционалды, отқа төзімді материалдарды жасау технологиясын дайындауға бағытталған.

Жобаға Zhubanov University ғалымы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Әмірбек Бекешев жетекшілік ететін болады. Ғылыми жоба белгіленген уақыт көлемінде кезең-кезеңімен жүзеге аспақшы.

Жобаға қатысушы қытайлық ғалымдардың келесі сапары алдағы қыркүйек айына жоспарланған.

УЧЕНЫЕ ZHUBANOV UNIVERSITY ВНОСЯТ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ПОЛИМЕРНОЙ НАУКИ

«В соответствии с политикой Министерства науки и высшего образования РК по привлечению экспертов из ведущих зарубежных университетов Актобинский региональный университет имени К.Жубанова посетили представители научной группы, занимающейся разработкой огнестойких полимеров из Китайской Народной Республики», — сообщили в пресс-службе вуза.

В группу зарубежных ученых входят ученые из Китайского университета науки и технологий Юань Ху, Синь Ван, Цзисин Джу, профессор Бен Фей из Гонконгского политехнического университета и профессор Чжэнчжоу Ван из Университета Тунцзи.

Все они ученые, добившиеся определенных результатов в науке о полимерах. Профессор Юань Ху изучает огнеупорные материалы бо-

ваться опытом. Общий научный проект направлен на разработку технологии изготовления multifunctional fire-resistant materials on the basis of polymers and polymer composites.

Проект возглавит ученый Zhubanov University, кандидат физико-математических наук, профессор Амирбек Бекешев. Научный проект планируется осуществлять поэтапно в течение установленного времени.

Следующий визит китайских ученых, участвующих в проекте, запланирован на сентябрь.

ZHUBANOV UNIVERSITY SCIENTISTS CONTRIBUTE TO THE DEVELOPMENT OF POLYMER SCIENCE

«In accordance with the policy of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan to attract experts from leading foreign universities, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov was visited by representatives of a scientific group engaged in the development of fire-resistant polymers from the People's Republic of China», the university's press service reported.

The foreign team includes scientists from the University of Science and Technology of China — Yuan Hu, Xin Wang, Jixing Ju, Professor Ben Fei from the Hong Kong Polytechnic University and Professor Zhengzhou Wang from Tongji University.

All of them are scientists who have achieved certain results in polymer science. Professor Yuan Hu has been studying fireproof materials for over 30 years. During this time, he published about 600 articles and received more than 70 patents. Professor Xin Wang has more than 200 published scientific articles, H-index — 70. Professors Ben Fei and Zengzhou Wang have also authored nearly 200 papers in the field of green fireproof materials research, while Jixing Ju has been researching intelligent fire safety control systems.



лее 30 лет. За это время он опубликовал порядка 600 статей, получил более 70 патентов. Профессор Синь Ван имеет более 200 опубликованных научных статей, индекс Хирша — 70. Профессоры Бен Фей и Цзэнчжоу Ван также являются авторами около 200 статей, написанных в области исследований экологически чистых огнеупорных материалов, в то время как Цзисин Джу занимается исследованиями интеллектуальных систем управления пожарной безопасностью.

Китайские эксперты намерены совместно с учеными Zhubanov University проводить научно-исследовательскую работу по созданию материалов с высокой огнестойкостью и обмени-

Chinese experts intend, together with scientists from Zhubanov University, to carry out research work on creating materials with high fire resistance and exchange experience. The general scientific project is aimed at developing technology for the production of multifunctional refractory materials based on polymers and polymer composites.

The project will be headed by Zhubanov University scientist, candidate of physical and mathematical sciences, professor Amirbek Bekeshev. The scientific project is planned to be carried out in stages over a set period of time.

The next visit of Chinese scientists participating in the project is scheduled for September.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

**ҚАЗАҚСТАН ПАРИЖДЕГІ
ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫН
7 МЕДАЛЬМЕН АЯҚТАДЫ**

Қазақстан құрамасы Париждегі Олимпиада ойындарын 7 медальмен аяқтады, деп хабарлады Olympik.kz.

«Біздің спортшылар Франция астанасында жеті медаль жеңіп алды. Ел қоржынындағы жалғыз алтынды Елдос Сметов еншіледі. Ол дзюдодан 60 келі салмақта сынға түсті.

Сондай-ақ, қазақстандықтар үш күміс медаль иеленді. Гимнаст Нариман Құрбанов, грек-рим күресінің өкілі Демеу Жадыраев (77 келі) және боксшы Нұрбек Оралбай (80 келі) тұғырдың екінші сатысына көтерілді.

Париж Олимпиадасының қола медалін Назым Қызайбай (50 келі, бокс) және Александра Ле мен Ислам Сәтпаев (нысана көздеуден аралас командалық жарым) және дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев (66 келі) иеленді», — делінген сайтта.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев олимпиадашылармен кездесіп, жоғары наградалармен марапаттады.

Елдос Сметов 1-дәрежелі «Барыс» орденінің иегері атанды.

Юрий Мельниченко 3-дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

«Парасат» орденімен марапатталғандар:

Жилгелдиев Ғалымжан;
Еркебаев Асқар;
Жадыраев Демеу;
Ким Александр;
Қоңыратов Боранбек;
Құрбанов Нариман;
Құрбанов Хусанжан;
Қырғызбаев Ғұсман;
Оралбай Нұрбек;
Сүлейменов Нұрбол.

«Құрмет» орденін иеленгендер:

Алмаз Әлсенев;
Долкунжан Камеков;
Назым Қызайбай;
Александра Ле;
Геннадий Насонов;
Ермек Нәсиев;
Ислам Сәтпаев;
Вероника Скиба.

Сондай-ақ оқ атудан ұлттық құраманың бас бапкері Ольга Довгун мен Халықаралық дзюдо федерациясы президентінің кеңесшісі Асхат Жіткеевке алғыс айтылды.

**КАЗАХСТАН ЗАВЕРШИЛ
ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ В
ПАРИЖЕ 7 МЕДАЛЯМИ**

Сборная Казахстана завершила Олимпийские игры в Париже с 7 медалями, сообщил Olympik.kz.

«Наши спортсмены завоевали семь медалей во французской

столице. Единственное золотое в копилке страны принадлежит Елдосу Сметову. Он соревновался в дзюдо в весе 60 кг.

Также казахстанцы завоевали три серебряные медали. Гимнаст Нариман Курбанов, спортсмен по греко-римской борьбе Демеу Жадыраев (77 кг) и боксер Нұрбек Оралбай (80 кг) поднялись на вторую ступень пьедестала.

Бронзовые медали парижской Олимпиады завоевали Назым Кызайбай (50 кг, бокс), Александра Ле и Ислам Сәтпаев (стрелки из пневматической винтовки среди смешанных команд) и дзюдоист Ғұсман Кирғизбаев (66 кг)», — говорится в публикации.

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев встретился с олимпийцами и вручил им высокие награды.

Елдос Сметов стал кавалером ордена «Барыс» 1 степени, а Юрий Мельниченко получил орден «Барыс» 3 степени.

Награжденные орденом «Парасат»:

Жилгелдиев Ғалымжан;
Еркебаев Асқар;
Жадыраев Демеу;
Ким Александр;
Қоңыратов Боранбек;
Құрбанов Нариман;
Құрбанов Хусанжан;
Қырғызбаев Ғұсман;
Оралбай Нұрбек;
Сүлейменов Нұрбол.

Награжденные орденом «Құрмет»:

Алмаз Алсенев;
Долкунжан Камеков;
Назым Қызайбай;
Александра Ле;
Геннадий Насонов;
Ермек Нәсиев;
Ислам Сәтпаев;
Вероника Скиба.

Также благодарности удостоились главный тренер сборной по пулевой стрельбе Ольга Довгун и советник президента Международной федерации дзюдо Асхат Жіткеев.

**KAZAKHSTAN HAS COMPLETED
THE OLYMPIC GAMES IN
PARIS WITH 7 MEDALS**

The national team of Kazakhstan completed the Olympic Games in Paris with 7 medals, he said Olympik.kz.

«Our athletes have won seven medals in the French capital. The only gold in the country's piggy bank belongs to Eldos Smetov. He competed in judo at 60 kg.

Kazakhstanis also won three silver medals. Gymnast Nariman Kurbanov, Greco-Roman wrestling athlete Demeu Zhadraev (77 kg) and boxer Nurbek Aralbai (80 kg) climbed to the second step of the podium.

Bronze medals at the Paris Olympics were won by Nazim Kyzaybai (50 kg, boxing), Alexandra Le and Islam Satpayev (air rifle shooters among mixed teams) and judoka Gusman Kirghizbayev (66 kg)», the publication says.

Head of State Kassym-Jomart Tokayev met with the Olympic winners and presented them with high awards.

Eldos Smetov became a knight of the Order of Barys of the 1st degree, and Yuri Melnichenko received the Order of Barys of the 3rd degree.

Awarded the «Parasat» Order:

Zhylgeldiyev Galymzhan;
Yerkebayev Askar;
Zhadraev Demeu;
Kim Alexander;
Konyratov Boranbek;
Kurbanov Nariman;
Kurbanov Khanzhan;
Kyrgyzbaev Gusman;
Oralbai Nurbek;
Suleimenov Nurbol.

Awarded the Order of «Kurmet»:

Almaz Asenov;
Dolkunzhan Kameshkov;
Nazim Kyzaybai;
Alexandra Le;
Gennady Nasonov;
Ermeke Nasiev;
Islam Satpayev;
Veronica Skiba.

Olga Dovgun, the head coach of the national shooting team, and Askhat Zhitkeev, Adviser to the President of the International Judo Federation, were also thanked.

✓ 100th anniversary of the birth of academician Rabiga Syzdyk

Еміршең еңбектер ұсынып, еңбекқорлықтың, нағыз ғалымдықтың үлгісін танытқан, ақыл-ойының қуанышын да, тағдырлардың әділетті-әділетсіз сұрыпталуын да басынан өткерген, мойымаған, тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркология ғылымында мойындалған филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, жерлесіміз Рәбиға Сыздықтың туғанына биыл 100 жыл толды.

Рәбиға Сыздық сондай-ақ Түрік Тіл қоғамының корреспондент мүшесі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері.

Ес білген шағынан әкесінің «халық жауы» атанып, ұсталып кеткен сәтін өмір бойы ұмыта алмай (әкесі Сәтіғали Құтқожин — репрессия құрбаны, Түйетөбеде атылған, академиктің өзінің баяндауынша, дүкеннен нан әкеле жатқанда, әкесін ұстап бара жатқанын көрген, әкесі екі қызына артына бұрылып қарап, бас изеп қана үлгерген), балаң шағынан ұстаздық еңбекке араласып (өзінің айтуынша, тыриған арық қызды бір-екі айға дейін оқытқан оқушылары тыңдай қоймаған), арманы оқу оқып, әкесінің «халық жауы» еместігін дәлелдеу, әке рухына лайық болып өсу болған Рәбиға Сыздық арманына қол жеткізіп, көпке пайдасы тиген, ең жақсы жанға айналды. Ғалымның өзін көрмесе де, кездеспесе де, оның сөз таңдау, сөз қолданыс, сөз әрлеуге қатысты көркем шығармадай жеңіл түсінілетін ғылыми зерттеулерін оқып, білім алған әр оқырманы өзін Рәбиға Сыздықтың шәкіртімін деп есептейді. Ғалым апамызбен, академик Рәбиға Сыздықпен кездесіп, алдында отырып дәрісін тыңдау бақыты білім — ғылым, мәдениет орталығы саналатын Алматыдан шалғай жатқан



АКАДЕМИК АПАЙДЫҢ АМАНАТЫ

халқына, ұлтына адал қызмет ететін жас мамандар тәрбиелеу болғаны анық. Үміті мен сенімін қазаққа тән ырыммен жалғап, 55 жас күшке алғашқы дәрісті академик Рәбиға Сыздықтан тыңдатуды ұйғарып, ұйымдастырды. Сол жолы ғалымның өз аузынан қазақ тіл білімінің негізгі мәселелері (қа-

«Сөз құдыреті», «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар», «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі», «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» т.б. еңбектерін институт қабырғасында жүрген кезде де, кейін ғылым қуып, ғылыми дәрежеге ізденіп зерттеу жұмысын жазғанда да оқып, өз жұмысымыздың бағыт-бағдарын анықтап, теориялық және әдіснамалық негіз ретінде сүйендік. Әсіресе, әр жылдары басылып шыққан «Қазақ тілінің анықтағышы», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» әр тіл маманының күнделікті басшылыққа алар құралына айналды. Кейін маман ретінде қызметке қабылданып, факультет жұмысын ұйымдастыруға ат салысып жүріп академик апамызбен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында да, Қ.Жұбанов атындағы жоғары оқу орнында ұйымдастырылған ғылыми конференцияларда да жолықтық. 2005 жылы 26-27 мамырда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде Абай Құнанбайұлының 160 жылдығына арналған «Абай әлемі: рухани мұра мәселелері және қазіргі кезең»

жауы» деп жазықсыз атылған жерге — «Түйетөбеге» барып, әкесін есіне алды. Түйетөбеге барғанда, апайдың: «Қайран әкешім-ау, сүйегің шашылған жерге келіп тұрмын», — деп, қанша жылдар бойы көңілінде жиналған зар-запыранды көз жасымен көлдеткен ауыр күйін көрдік. Академиктің ғылыми зердесімен танытқан, кісілік қарым-қатынаста кішілік бойын тапты, қастарға «болсын» деп, ғылымның болашағын жастардың жазған тырнақалды ғылыми зерттеулерінен іздеген нағыз таза жүрек иесі екенін байқадық. Р.Сыздықтың 85 жылдығына (2009 жылы), 95 жылдығына (2019 жылы) арнап А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырған конференцияларға қатысып, ғалым еңбектерін талдаған, жалпы қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарының, дәстүрлі дамуының деңгейін таразылаған талдаулардың куәсі болдық. 95 жылдығы қарсаңында, біздің университетте, филология факультетінде «Академик Р.Сыздық кабинеті» ашылғанынан хабардар академик Рәбиға Сыздық: «Айналайындар, университет

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық (1924 жылғы 17 тамызда Ақтөбе облысы Ойыл ауылында туған — 2020 жылғы 4 шілдеде Алматы қаласында қайтыс болған) — филология ғылымдарының докторы (1972), профессор (1989). Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (2003), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1989).

Ақтөбе студенттеріне де бұйырды. Мұндай бақыт иелері — 1989-1990 оқу жылында сол кездегі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика институтының ректоры, белгілі ғалым Мұхтар Арыновтың ұйымдастыруымен ашылған «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына қабылданған 55 білім алушы. Ғалым Мұхтар Арынов қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындауды мақсат еткендегі ойы ел жүгін арқалап,

зақ әдеби тілінің тарихы, тіл мәдениеті, сөз құдыреті, дұрыс жазу ережелері т.с.с.) туралы ой-тұжырымдары мен талдауларын естіп, терең білім мен ғылымның қоймасына ендік. Академик Р.Сыздық 1993 жылы да арнайы шақыртумен келіп, студенттерге дәріс оқыды. Академик апамыздың дәрісін тыңдаудан бөлек, әр жылдары жазған «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Абайдың сөз өрнегі», «Сөздер сөйлейді»,

Рабиға СЫЗДЫҚ — ҰЛТЫНЫҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН ШЫН КҮРЕСКЕР БОЛУ ҮШІН ТІЛІН БІЛУ — ЕҢ ҚАЖЕТТІЛІК...

— Өмірде нені бағалайсыз?

— Бағалайтын нәрсе көп қой. Ақыл айтып, көсемсіп отыратын қасиетім жоқ. Бірақ ойларың болады. Біраз әділетсіздік көрдік. Адамзат әділетті болса екен деймін, тура сөзді айтатын болса. Бір журналдан оқығаным бар. Америкадағы үндістердің салтында өтірік айтатын адам ең сорлы, біткен адам екен. Оның әрі қарай өмір сүруіне хақысы жоқ. Сөзде тұрмау, біреуді жамандау деген жақсы емес. Ең ұнатпайтыным — мақтану.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ақталған кезде «Қазақ әдебиеті» тұтас бетке өлеңдерін жариялады. Сондағы мына бір шумақ әлі есімде: Кей жаман өзін мақтап былжырайды, Бойыңа шақтап сөйлесең нең құрайды. Жақсыны жарық болса кім көрмейді, Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды? Қандай ғажап сөз! Мақтанып отыратындар осыны білсе ғой. Бұл сөздер менің өмірімдегі ұстанымым. Жақсылап істе, қабілетің де, еңбегің де болсын. Бірақ соны өзің айтпа. Көзіңді бақырайтып қойып, мақтағанды жек көремін. Бірде елге белгілі академик ғалым бір жиында аяқ-қолымды жерге тигізбей мақтасын кеп. Үйге келіп, телефонмен ренішімді айттым: «Ұят емес пе? Мені бір міні жоқ адам етіп...». Ол ақталғандай болды. «Мақтау емес, менің пікірім солай» деп. Не нәрсенің де реті болуы тиіс.

«АНА ТІЛІ» ұлт газетіне берген сұқбаттан үзінді

менің атымдағы кабинет ашып, оған менің суретімді, мен туралы айтқан белгілі тұлғалардың сөзін жазып іліп қойыпсыңдар. Мен разымын. Рақмет. Бірақ менің ең үлкен өтінішім мынау: сол кабинетке менің кітаптарымды қойыңдар, сол кабинетке кіріп студенттер кітаптарымды ашып, оқысын», — деген болатын. Апайды көрген соңғы кездесуім де, соңғы естіген сөзім де осы болды. Академик апайдың аманатын арқаалап қалғандай болдым. Аманатқа қиянат жасалмайды. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді», — дейді. Аты да, қазақ тіл ғылымының арқауына айналған хаты да ғасырдан ғасырға жететін академик Рәбиға Сыздықтың «мәңгілік өмірі» басталғандай. Біздің университетте «Р.Сыздық оқуларын» ұйымдастырып, Р.Сыздық зерттеулерін насихаттау қолға алынды.

100 жылдық мерейтойы қарсаңында Р.Сыздық ғылыми мектебінің төл шәкірттері (филология ғылымдарының докторы Орынай Жұбай бастаған) 17 тамызда Алматыда академик рухына бағыштап ас берсе, еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында Р.Сыздыққа

қатысты материалдар жаппай жарияланып жатыр. Бұл болашаққа апарар ғылым жолының бір бағыты, бағдары десек болар.

«Азаттық ... болғаның мен болмағаныңды, бүгінгің мен болашағыңды өзің қарастырып, өзің қамдастыру үшін керек. ...Өз тағдырыңа өзің ие болу үшін жаныңның азығы, санаңның қазығы болғаны лазым. Сонда ғана желімдей ұйысып, аз да болса, саз боласың. Ұлт санасына ұйытқы солай қордаланады» деген екен Әбіш Кекілбаев. Еліміздің болашағы жастар үшін өмір жолы да, еңбек және ғылым жолы да үлгі болар жанның — Рәбиға Сыздықтың өнегесін өрбітіп, ғылыми тағылымын ұлттық сананы бекіте түсуге, ел келешегін кемелдендіру үшін қордаландыруға үлес қосу, қайырлы іске қызмет ету — борышымыз.

Садирова Күлзат Қаниқызы
Филология ғылымдарының докторы, профессор,
«Үздік ЖОО оқытушысы — 2012» мемлекеттік грантының, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері,
Zhubanov University

ҚҰТҚОЖИННЫҢ ҚҰТТЫ ШАҢҰРАҒЫ (Аялы алақан)

Бұл үйдің отбасылық альбомында керемет бір сурет бар. Сурет болғанда да, жаныңды елжіретіп жіберетін дүние. Бір шаңырақтың адамдары — әкесі, шешесі, төрт баласымен бірге далаға ма, аулаға ма, алаша төсеп, соның үстінде асықпай шай

Дала төсіне жайылған жұпынылау дастарханда аста-төк азық жоқ. Оның есесіне жүрегіңді жылытатын жарасымдылық бар. Әулеттің алтынға баламайтын ең қастерлі суреті осы. Осыған қарап отбасындағы үйлесімділікті ұғасың, сыйластықты се-



ішіп отыр. Ақ жаулықты әдемі келіншектің алдында самаурын тұр. Жез самаурынның төбесінде құман қонақтаған. Оң жақ шетке таман шашы қалың, қасы-көзі қап-қара, қаба сақалды, ақ көйлек киген келісті жігіт ағасы жайғасқан. Үсті-басы мұнтаздай. Сол замандағы оқыған-тоқығаны мол қайсар қазақтың кейпін көресің. Шынында да солай, бұл — ұлтымыздың ардақты перзенті, зобалаң жылдарда халық жауы атанған айбарлы азамат, Алашорданың батыс бөлімшесінің почта-телеграф бөлімін басқарған (Мақсат Тәж-Мұраттың дерегі) Сәтіғали Құтқожин.

Ал әкесінің қасында бейкам отырған титімдей ғана орамалды қыз — болашақ баршаға аты мәшһүр тілші ғалым, академик Рәбиға Сыздық. Көзі өткір. Өмірге құштар. Қайрат-жігері атойлап тұр.

Сонымен, солдан оңға қарай: Рәбиғаның анасы Жеміс Қалуқызы, сіңлісі Роза, кіші ағасы Хамит, Рәбиғаның өзі, әкесі Сәтіғали Құтқожин және үлкен ағасы Шафхат.

зінесің. Бүгінгі тілмен айтқанда, нағыз бақытты шаңырақтың жай-күйіне куә боласың. «Бейбіт күннің бұл да бір жыры ма еді?!» деп Қадыр ақын толғағандай, өте әсерлі көрініс.

Бірақ көп ұзамай осы бақытты тіршіліктің быт-шыты шықты. Елдің басына бұлт үйірілді. Отыз жетінші жыл келді. Қазақ оқығандарын қудалау басталды. Бірнеше өңірдің байланыс жүйесін басқарған Сәтіғали Құтқожинға да құрық түсті... Осындай өмір өткелегінен өткен кішкене қыз кейін жалпақ жұртты мойындатқан тілші — ғалым болады. Күллі елдің қадірлісіне айналады. Тоқсан бес жыл ғұмыр кешеді...

Сурет Рәбиға апайдың үш жасында, яғни 1927 жылы түсірілген. Орынай Жұбайдан алынды.

Биылғы 17 тамызда академик Рәбиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толды.

Бауыржан Омарұлы
Журналист, эссеист,
әдебиеттанушы ғалым

Foreign scientific internship

Ғылыми мектептерді нығайту жөнінде

Ұлыбританияға іссапар кезінде «500 ғалым» бағдарламасымен Reading және Leeds университеттерінде ғылыми тағылымдамдан өтіп жатқан әріптестерім, Жұбанов профессорлары әрі кафедра меңгерушілері Баян Ғазизқызы, Зухра Құранияқызы және Ерлан Ғланұлымен кездестім.

Кездесуде айтқан ойларымыз «unlearning» концепциясы төңірегін көп тоғысты. Осыған дейін жинаған тәжірибе, білім мен ғылыми жетістіктерге қарамастан, жаңа нәрсені, зерттеу әдіс-тәсілдері мен жұмыс дағдыларын, тіпті жаңаша ойлау стилін қалыптастырудың мейіле тоқталдық.

Үш жыл бұрын Ақтөбеге келгенде, оқытушыларымыз ағылшын тілін меңгеріп, шетелде білімін жетілдірсе және университет ретінде халықаралық деңгейге шықсақ де-

ген мақсат қойдық. Сол жұмыстың алғашқы нәтижелерін көріп отырмыз. Мемлекет тарапынан үлкен қолдау бар. Оқытушылар мен қызметкерлерге кәсіби біліктілігін шыңдауға жағдай жасауды жалғастыра береміз.

Әріптестеріммен білім мен тәжірибені университеттің стратегиялық даму бағытымен ұштастырып, ғылыми мектептерді нығайту жөнінде келістік.

Лаура Қарабасова
Zhubanov University ректоры



Баян АЛМАТОВА
Zhubanov University
«Мұнай-газ ісі» кафедрасының
меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» Халықаралық стипендиясының иегері

— Баян Ғазизқызы, армысыз, Facebook әлеуметтік парақшаңыздан көріп отырмын, шетелдік ғылыми тағылымдама нәтижелі өтіп жатқан сияқты. Әсіресе ондағы сіздің позитивті көңіл-күйіңіз қатты ұнайды. Дегенмен шетелге оқуға барған кезде үйренісу сәттері болады. Қалай өтті?

— Мен Солтүстік Англиядағы, Лидс қаласында орналасқан Лидс Университетінде «Болашақ» Халықаралық бағдарламасы және «500 ғалым» ғылыми тағылымдамасы бойынша «Білім берудегі көшбасшылық», соның ішінде: «Қазақстандық білім беру жүйесіндегі менеджмент және білім сапасы мәселесі» тақырыбында зерттеулер жүргізіп жатырмын. Менің басты ұстанымым: «Жоғарыға самғау үшін өзіңді төменге тартатын барлық шәкерттен арылу» деп санаймын.

Ағылшын елімен алғашқы таныстық наурыз айының 6-шы жұлдызынан басталды. Сол күні Лондон қаласына ұшып келдік. Қасымда әріптесім — Зухра Құранияқызы бар. Бізді аэропорттан трансфер күтіп алды. Лондон мен Лидс қалаларының арасы 3-3,5 сағат. Келіп жатақханаға орналас-тық. Арман қуып, алдыма мақсат қойып, отбасыммен ақылдасып, аманның ақ батасын алып шыққанмын, бірден ағылшын елі мені баурап алды. «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле!», — деген М.Әуезовтың сөзі бар еді ғой....

Сұлу табиғаты, керемет саф таза ауасы бойыма қуат берген-

АНГЛИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРІМ ӨТЕ ҚАРАПАЙЫМ, БІЛІМДІ, ТАЛАПШЫЛ



дей, жалпы Лидс Университетінің Бизнес мектебі (Leeds University Business School) бізді өте жақсы қарсы алды. Ғылыми жетекшіміз Br. Sourindra Banerjee. Оның зерттеулерін басқаруға қатысты мәселелерді шешу үшін халықаралық маркетинг пен стратегияға негізделген теорияны алдыңғы қатарлы қатаң әдіснамамен және үлкен империялық деректер жиынтығымен біріктірудің жүйелі әрекеті ретінде сипаттауға болады. Доктордың зерттеулері менеджментті зерттеу журналдарында жарияланған.

Үйренісу сәттері міне осылай, қызығушылықпен басталып кетті.

Керемет кітапхана, барлық жағдай жасалынған, 24 сағат бойы жұмыс жасап тұрады. Кез келген бағдарламалармен онлайн, офлайн форматта қалаған әдебиеттерге қол жеткізе аласыз. Бастапқы уақыт әдебиетті шолумен, көбіне кітапханада өтті.

— Сіз еліміздің батыс өңіріндегі табысы жоғары кәсіп иесін даярлайтын «Мұнай-газ ісі» кафедрасын басқарасыз. Негізгі бұл мамандықтың біздің университетте ашылғанына 30 жылдан аса уақыт өтіпті. Сұраныс қалай?

— Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Мұнай газ ісі» мамандығының ерекшелігі сол, сұраныс жылдан жылға артып келеді. Себебі, өңірімізде Жаңажол, Кенкияк, Әлібекмола т.б. сияқты мұнай және газ өндіретін кен орындары бар. Көбіне-көп біздің түлектер өзіміздің өңірде еңбек етіп жатыр. Жылда оқуын аяқтаған түлектер еңбекпен қамтамасыз етіліп келеді.

Соңғы кездері шетелдік компаниялардан да ұсыныс көп келеді. Магистрларымыз Теңіз кен орнында жұмыс жасап жатыр. Елге оралған соң кафедрамыздың профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттерін халықаралық деңгейге шығару, дамыту сияқты мәселелерді қолға аламын. Университетіміз ақысыз ұйымдастырып отырған ағылшын тілі курсына әріптестерім белсенді түрде қатысып жүр. 2022 жылы кафедраның жас 5 оқытушысы, быыл 2 оқытушысы докторантураға түсті. Бұл дегеніміз 1-2 жылда кафедрамыздың ғылыми дәрежесі толықтырылады. Біз сұранысты толығымен өтей алатын боламыз. Қазіргі уақытта Дубай Біріккен Әмірлігінің ірі компанияларының супервайзерлері практик-маман ретінде сабақ беріп жүр. Білім берудегі әрекеттілік нәтижесін беріп жатыр.

— Техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежеңіз, осы салада қауымдастырылған профессор атағыңыз бар. Нәзік жанның техника саласына қызығушылығы әлі күнге сұрақ тудырады. Бұл ғылымға жолыңыз қалай басталды?

— Әкем, Алматы Ғазиз Алматылы — өмірімнің тірегі. Ең бірінші адалдыққа, қарапайымдыққа, адамгершілікке тәрбиеледі. Тіпті, осы «инженер маманы болшы», деп, кішкентайымнан мамандық-

қа деген сүйіспеншілігімді де оята білді. Ақтөбе облысындағы мұнайлы өлке Кенкиек ауданы, Шенгелші ауылында дүниеге келдім. Анам, көктем кезі келсе, «Су етіктеріңді байқандар, су кешпей ойнандар» — деп дабыл қағатын. Ал мен болсам, су малмаң болып, үнемі су етігін тесіп алатынмын. Анам ұрысады. «Анашым, мен су кешпедім, су етігін бүлдірмедім», — деп әуре боламын. Содан ой мазалап, ызаланатынмын. Су етік неге бүлінді, күн неге күркірейді, найзағай неге жарқылдайды, мына көп, дәу машиналар қайда барады, не тасиды?, деп сан алуан сұрақпен шырмалып жүремін. Анашым да ескертпе айтудан, сақтандырудан жалықпайтын. «Машинаға қарамаңдар, ұрлап кетеді», — деп. Сонда да үйдің төбесіне, үйілген мая шөптің үстіне мініп аламыз. Базарлы балалық шақ осылай өтті.

Мен атақты Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университетін (Satbayev University) Қызыл дипломға тәмамдап, сол жылы аспирантураға түсіп, ғылыми жолымды бастап кеттім. Өз мамандығым-

зықтыратын сұрақтар қандай екен?

— Англиялық әріптестерім өте қарапайым, білімді, талапшыл, ғылыми жетекшім болса, көп сөйлемейтін, бірақ сізді қандай сұрақтар мазалайтынын біліп қойғандай, сол тұстардан әңгіме қозғайды.

Ағылшын тілі маманы Анна ханым ойшыл, іздемпаз, өзіне бірден мейірім ұялататындай. Көбіне көп Қазақстандағы оқыту формалары, әлемдегі болып жатырған қозғалыстар... Жасанды интеллекттің пайдасы мен ерекшеліктері сияқты сұрақтарға жауап береді. Егер шындығына келсек, өте ақылды, әңгімелесу мәдениеті тұңғыш. Адамды баурап алады. Құдды басқа ұсақ-түйек тіршілік мәселелер жоқ секілді... Әлемдері басқа, мәдениеті әдемі деп айтамын.

— Ағылшын тіліндегі біліміңізді жетілдіріп жатқан боларсыз. Тілдік ортада жүрсіз ғой.

— «Болашақ» бағдарламасын таңдау арқылы ағылшын тілін меңгеруім керек деген ой көптен ма-

☑ Main news

АСХАТ ШАХАРОВ УНИВЕРСИТЕТ ЖАТАҚХАНАЛАРЫН ҮЛГІ ЕТТІ

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров өңірдегі белсенді жастармен жуырдағы кездесуі барысында Zhubanov University жатақханаларын үлгі етті.

«Мониторингтік топтың тексерісі нәтижесінде Жұбанов университетінің №1, №2, №3 және «Жастар үйі» жатақханаларының жаңа оқу жылына толық дайын екеніне көзіміз жетті», — деп атап өтті өңір басшысы.



Кездесу облыс әкімдігі жанындағы Жастар істері жөніндегі кеңестің ұйымдастыруымен Zhubanov University Мәңгілік ел залында өтті.

«Іс-шара барысында 2024 жылы өңірдегі мемлекеттік жастар саясаты саласында атқарылған жұмыстар және алдағы жоспарлар туралы талқыланып, өңірлік студенттік омбудсмен институтымен бірлесе жатақханалардың жағдайына жүргізілген мониторинг қорытындысы айтылды. Сонымен бірге 12 тамыз — Халықаралық Жастар күніне орай белсенді жастар марапатталды», — деп жазды облыс әкімдігі баспасөз қызметі. Кездесуге Zhubanov University жастары да қатысты.

АСХАТ ШАХАРОВ ПОСТАВИЛ В ПРИМЕР ОБЩЕЖИТИЯ УНИВЕРСИТЕТА

Аким Актыубинской области Асхат Шахаров в ходе недавней встречи с активной молодежью региона поставил в пример общежития Zhubanov University.

«В результате проверки мониторинговой группы мы убедились, что общежития №1, №2, №3 и «Дом молодежи» университета Жубанова полностью готовы к новому учебному году», — отметил глава региона.

Встреча, организованная Советом по делам молодежи при акимате области, прошла в зале Мәңгілік ел Zhubanov University.

«В ходе мероприятия были обсуждены проекты в области государственной молодежной политики в регионе в 2024 году и дальнейшие планы, а также подведены итоги мониторинга состояния общежитий, проведенного совместно с Региональным институтом студенческого омбудсмена. В честь Международного Дня молодежи, отмечаемого 12 августа, были награждены активные студенты», — написали в пресс-службе областного акимата. Во встрече также приняла участие молодежь Zhubanov University.

ASKHAT SHAKHAROV USED UNIVERSITY DORMITORIES AS AN EXAMPLE

Akim of the Aktoke region Askhat Shakharov, during a recent meeting with active youth of the region, used the Zhubanov University dormitories as an example.

«As a result of the inspection of the monitoring group, we were convinced that dormitories No. 1, No. 2, No. 3 and the Youth House of Zhubanov University are fully prepared for the new academic year,» noted the head of the region.

The meeting, organized by the Council for Youth Affairs under the regional akimat, was held in the hall of Mangilik el Zhubanov University. «During the event, projects in the field of state youth policy in the region in 2024 and further plans were discussed, as well as summed up the results of monitoring the condition of dormitories, carried out jointly with the Regional Institute of Student Ombudsman. In honor of International Youth Day, celebrated on August 12, active students,» wrote the press service of the regional akimat. Youth from Zhubanov University also took part in the meeting.



ды мақтан етемін. Студенттермен бірге кен орындарына жиі барып тұрамын. Ондағы еңбек етіп жатқан түлектер «Апай» — деп жылы қарсы алады. Өндіріс орнымен танысуға келген барлық студенттерге кәсіби бағыт-бағдар беріп отырады.

Менің жалпы кафедра басшылығындағы қызметім 2002 жылы кафедра меңгерушісі орын басарлығынан басталды. Қазіргі уақытта 20 жылдан астам осы кафедрада қызметтемін. Қазір кафедра меңгерушісімін.

Кафедра университеттің жүрегі, барлық академиялық сұрақтар, студенттер, магистранттар мен докторанттар, ғылыми, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, кафедраның еншісінде. Маған осындай көпшілікпен біте қайнасып жататын атмосфера қатты ұнайды.

— Англиялық әріптестеріңізбен қандай тақырыпта әңгімелескенді ұнатасыз, оларды қы-

залады. Қазіргі уақытта ағылшын тілін меңгерудің сатылары көп қой. Тіл меңгеруде даму үстіндемін. Үнемі ізденісті қолданамын. Жатақханада тұрамын. Көршілермен жақсы араласамын. Тілдік орта бар.

Жақында Оксфорд қаласында Оксфорд университеті ұйымдастырған халықаралық конференцияда іс сапарда болдым. Онда да, жан-жақтан келген әріптестеріммен танысып, бір-бірімізбен жақсы түсіністік. Өлі де болса ағылшын тілі деңгейімді дамыту керектігін сеземін. «Жас емеспін, қалай болар екен», — деп жүрексініп жүретін әріптестеріме айтарым: «Тілді үйренуде ешқандай кештік жоқ, тек маңыздысы мақсат қоя білу керек». Ағылшын тілі деңгейімді көтеріп, таза, еркін сөйлеу — кезекті арманым.

Желі арқылы хабарласқан журналист Гүлнара Қараша

Admissions Committee 2024



— Университетке қабылдауды ұйымдастыру мен бақылау күрделі процесс. Сәйкес дайындықтар жүргізілген болар. Нәтижесі қандай болды?

— Әрине, әр жылдағыдай қабылдау науқанына дайындық алдын ала басталады. Бұл жаңа оқу жылына университетке қабылдау қағидаларын ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары туралы №600 бұйрығына сәйкес жаңартып, қайта бекіту, қабылдау жүргізетін орын таңдау және дайындау, техникалық хатшылардың тізімін жасау, оларға қабылдау қағидалары бойынша семинарлар өткізу және т.с.с. масштабты дайындық нәтижесінде 13-24 шілде аралығында 4707 талапкердің өтінішін еш кедергісіз, өз уақытында өңдедік. Конкурс нәтижесінде біздің университетке таңдаған 1827 талапкер білім беру грантына ие болды. Нәтижесінде қабылдау комиссиясының барлық кезеңдерінде талапкерлер мен олардың ата-аналарынан көптеген алғыстар мен оң кері байланыс алдық.

— 2024 жылдың қабылдау комиссиясының ең басты ерекшелігі не болды?

— Былтыр қабылдау комиссиясының техникалық хатшылар саны екі есе көбейіп, 40 техникалық хат-

шы халыққа қызмет көрсетті. Қабылдау науқаны сәтті өтіп, нәтижесінде грант конкурсы кезінде 3000-нан аса өтініштер, ал оқуға 4000-нан астам құжаттар қабылданды. Биыл техникалық хатшылар санын тағы да көбейіп, 50 техникалық хатшы жұмыстары жасалып жатқандықтан, қабылдау комиссиясы екі локацияға бөлінді: біріншісі — ағ. Жұбановтар көшесі, 263 мекенжайы бойынша математика-физика, математика-информатика бағытын таңдаған талапкерлерді техникалық факультеттің холлында қабылдадық. Олармен бір-



Zhubanov

ЖАҢА БІЛІМ АЛУШЫЛАР

Мансап және кәсіптік бағдарлау департаментінің директоры, PhD Жұмағазиев Әміре Халиұлымен жаңа 2024-2025 оқу жылы алдындағы сұқбат

ге Хериот-Уатт университетінің филиалына түсемін деген талапкерлердің құжаттарын сол жерде бөлек кезекпен қабылдадық; екіншісі — техникалық факультеттің жанында орналасқан. Ә.Молдағұлова, 34Б мекенжайы бойынша №2 Спорт көшесінде басқа бейіндік пәндер комбинациясын таңдағандарды қабылдадық. Сонымен қатар I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, жеңілдіктер мен көпелдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігіне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ көмекке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары және де шетел азаматтарына бөлек кезек қарастырылды.

— Университет саннан сапаға принципін жұмыс жасайды. Бұл кез келген талапкер оңайлықпен оқуға түсе алмайды дегенді білдіреді. Ең жоғары және ең төмен шектік балл қандай ма-

мандықтарға қойылды. Себебін де түсіндіре кетсеңіз.

— Дұрыс айтасыз. Еліміздің өңірлік университеттерінің ішінде алғашқы болып біздің университет Директорлар кеңесінің шешімімен 2024-2025 оқу жылында оқуға түсудің шекті балын 55-ке көтерді. Педагогикалық және құқықтану білім беру бағдарламаларына шекті балл 75 балл өзгеріссіз қалды. Соның нәтижесінде биыл біздің университетке грантқа өткен талапкерлердің орташа баллы 78,8 болды.

— Биылғы талапкерлерге оқуға түсу ережесінде жалпы қандай жаңашылдықтар мен өзгерістер болғанын толық айта кетсеңіз.

— 2024 жылғы талапкерлер ҰБТ-дағы «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарды, ал бейіндік пәндер бойынша сұрақтар саны 40-қа дейін артты. Сонымен қатар бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылды. Осылайша, ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалды, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма. Жоғары балл — 140, ол да өзгеріссіз қалды.

Шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына түсу емтиханына тіркелу 20 маусымнан 10 тамызға дейін, ал емтихан өткізу 7 шілдеден 15 тамызға дейін өзгертілді. Бұған дейін емтиханды 15 шілдеге дейін өткізетін едік.

B1 деңгейінен төмен емес KAZ-ТЕСТ сертификаты бар талапкер «Қазақ тілі» бейіндік пәнін тапсырудан босатылды.

Магистратурада айтарлықтай өзгеріс жоқ. Тек бейіндік магистратураға түсемін деушілер компьютерлік тестілеуде «Оқуға дайындығын анықтау» тестін тапсырмайтын бол-

University:

Ы ҚАБЫЛДАУ АЯҚТАЛДЫ

ды. Бұл тестті биылғы докторантураға түсем деуші талапкерлер де тапсырмайды. Нәтижесінде, «Өңгімелесу» 30 балл, «Эссе» 20 балл «Бейіндік ББТ бойынша емтихан» 50 баллмен бағаланатын болды. Докторантура талапкерлеріне ағылшын тілі бойынша қойлатын талаптарға да өзгерістер енгізілді: IELTS Academic бойынша бұрын 5.5 болса, биыл 5.0-ке түсті; TOEFL IBT бойынша бұрын 46 болса, биыл 35-ке түсті; TOEFL ITP бойынша бұрын 460 болса, биыл 417-ге түсті; TOEFL PBT тесті енді қабылданбайтын болды; Жаңадан TOEIC және Duolingo English Test тестері қабылданатын болды, шекті баллы сәйкесінше 550 және 80.

— Қабылдау комиссиясы кәсіби бағдар бағытында түрлі іс-шараларға қатысты. Талапкерлер ықыласы қандай мамандықтарға басым болды. Жеке байқауыңыз бойынша.

— Биыл қаламыздың 100-ге жуық мектебін, облысымыздың 50 шақты мектебін аралап, кәсіби бағдар бердік. Тек Ақтөбе облысымен шектелмей, басқа облыстардың орталық қалаларының, Орал, Атырау, Ақтау, Қызылорда мектептеріне барып университетіміз туралы ақпарат беріп, оқуға шақырдық. Сонымен қатар, Атырау қаласы, Түркістан,

Шымкент, Жетісай, Сарыағаш қалаларындағы білім беру көрмелеріне де қатыстық.

Одан бөлек, жақын шетелге шығып, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің талапкерлеріне үгіт-насихат жүргізуді де қолға алдық. Осы кәсіби бағдар берудің үлкен науқанының нәтижесінде биыл көп сапалы талапкер келді деген сенімдеміз.

Жалпы байқағанымыз, оқушылардың ықыласы әртүрлі мамандықтарға бағытталған, бірақ басым көпшілігі техникалық, инженерлік мамандықтарға қызығады, одан кейін педагогикалық, аударма ісі, дизайн мамандықтарына да сұраныс көп.

— Батыс аймақтағы №1 университетке оқуға түскісі келетін жас қандай болуы керек? Қағидалар?

— Менің ойымша талапкер келесі қағидаларды ұстанса, оқуға түсу сынақтарынан сәтті өтіп, университеттің өмірге тез бейімделеді:

1) Мотивация. Қалаған жерінде білім алуға ынтасы болып, алға қойған мақсаттарына жетуге дайын болу;

2) Тайм-менеджмент. Өз уақытын дұрыс жоспарлап, басымдылықты анықтап, кестеге сәйкес жүру;



3) Жауапкершілік. Мойнына міндеттерді алуға дайын болып, оларды орындай білу;

4) Дербестік. Жетекшіліксіз шешім қабылдай білу және мәселелерді шеше білу;

5) Оқу дағдылары. Өздігінен білім алып, бейіндік пәндер бойынша жоғары дайындығы болуы;

6) Байланысқа бейімділік. Оқытушылар мен группаластарымен тиімді тілтабысу;

7) Сабырлылық. Қиындықтар мен күйзеліске төзімді болу;

6) Икемділік және бейімділік. Өзгерістерге дайын болу, жаңа жағдайларға тез бейімделу;

7) Сыни ойлау. Ақпаратты саралап, нәтиже шығару және негізделген шешімдерге келу;

8) Өлеуметтік дағдылар. Топта жұмыс жасай білу, басқа адамдарға және олардың пікірлеріне сыйластықпен қарау.

Өңгімелескен

Гүлнара Дауылбайқызы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕІБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢДА КӨЗДЕЛГЕН НОРМАЛАР ШЕҢБЕРІНДЕ ҒЫЛЫМИ АТАҚТАРДЫҢ БОЛУЫ ҮШІН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚОСЫМША АҚЫ МӨЛШЕРІ ҰЛҒАЙТЫЛДЫ. ЗАҢҒА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 2024 ЖЫЛҒЫ 6 МАМЫРДА ҚОЛ ҚОЙДЫ.

ҒЫЛЫМИ АТАҚТАРДЫҢ БОЛУЫ ҮШІН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚОСЫМША АҚЫ МӨЛШЕРІ:

ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (РНД) БЕЙІНІ БОЙЫНША ДОКТОР ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ) АТАҒЫ ҮШІН	92 300 ТЕҢГЕ	(25 АЕК)
ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ) ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ ҮШІН	155 064 ТЕҢГЕ	(42 АЕК)
ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (РНД) БЕЙІНІ БОЙЫНША ДОКТОР ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ ДӘРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ПРОФЕССОР ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ ҮШІН	184 600 ТЕҢГЕ	(50 АЕК)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ЖОО ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ:

160 700 ТЕҢГЕДЕН	350 000 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН
------------------	-----------------------

ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ:

228 800 ТЕҢГЕДЕН	400 000 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН
------------------	-----------------------

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

ВЕТЕРИНАРИЯҒА ҚАЖЕТ МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Вирусология, эпидемиология саласының тәжірибелі маманы, ғалым Арман Исимовтың агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы бағытындағы ғылыми жобасы құны 120 миллион теңгелік гранттық қаржыландыруға ие болды.

«Доктор Исимов өңірімізге келіп, табысты еңбек етіп жүрген «Болашақ» бағдарламасының түлектерінің бірі.

Гранттық қаржыландыруға ие болған жобаның тақырыбы: «Ірі қара малдың нодулярлық дерматиті: Қазақстанда айналымда жүрген рекомбинантты вакцина тәріздес штаммның векторлары, таралу аймағы, халықтың хабардарлығы және генетикалық сипаттамасы»

Бұл жоба ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі және ветеринария ұйымдарының сұранысына сәйкес нодулярлық дерматит ауруын зерттеуге бағытталған. Сондай-ақ зерттеу осы індетке қарсы дүниежүзілік жануарлар саудасы саласындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған.

Жаратылыстану факультетінің ғалымы Арман Мұратоллаұлының ауқымды ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі індеттің одан әрі таралуын болдырмауда ветеринариялық ұйымдар үшін қажетті шараларды әзірлеуде пайдалы болады деп сенеміз», — деді Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова университет ғалымының үлкен жетістігі жайлы.

ВАЖНЫЙ ПРОЕКТ, НЕОБХОДИМЫЙ ВЕТЕРИНАРИИ

Научный проект опытного специалиста в области вирусологии, эпидемиологии, ученого Армана Исимова по устойчивому развитию агропромышленного комплекса получил грантовое финансирование на сумму 120 миллионов тенге.

«Доктор Исимов-один из выпускников программы «Болашақ», который успешно трудится в нашем регионе.



Тема проекта, получившего грантовое финансирование «Нодулярный дерматит крупного рогатого скота: векторы, ареал распространения, осведомленность населения и генетическая характеристика рекомбинантного вакциноподобного штамма, циркулирующего в Казахстане».

Данный проект направлен на изучение заболевания нодулярным дерматитом в соответствии с запросами Министерства сельского хозяйства РК и ветеринарных организаций. Исследование также направлено на решение сложных социально-экономических проблем в области мировой торговли животными против этой эпидемии.

Надеемся, что результаты масштабной научно-исследовательской работы ученого факультета естествознания Армана Исимова будут полезны в разработке необходимых

мер для ветеринарных организаций по предотвращению дальнейшего распространения эпидемии», — рассказала ректор Zhubanov University Лаура Карабасова о большом успехе ученого университета.

AN IMPORTANT PROJECT REQUIRED BY VETERINARY MEDICINE

The scientific project of an experienced specialist in the field of virology, epidemiology, scientist Arman Isimov on the sustainable development of the agro-industrial complex received grant funding in the amount of 120 million tenge.

«Dr. Isimov is one of the graduates of the Bolashak program, who successfully works in our region.

The topic of the project, which received grant funding, is «Nod-

ular dermatitis of cattle: vectors, distribution area, public awareness and genetic characteristics of a recombinant vaccine-like strain circulating in Kazakhstan.».

This project is aimed at studying the disease of nodular dermatitis in accordance with the requests of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan and veterinary organizations. The research is also aimed at solving complex socio-economic problems in the field of global animal trade against this epidemic.

We hope that the results of the large-scale research work of Arman Isimov, a scientist at the Faculty of Natural Sciences, will be useful in developing the necessary measures for veterinary organizations to prevent the further spread of the epidemic,» said Laura Karabasova, Rector of Zhubanov University, about the great success of the university scientist.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

ТҰҒЫШ
КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ
ГРАНТАРЫ

Zhubanov University «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасы ғалымдарының екі бірдей жобасы «Ғылым қорының» жалпы құны 700 миллион теңгені құрайтын коммерцияландыру гранттарына ие болды. Жағымды жаңалықпен университет ректоры Лаура Қарабасова өз әлеуметтік парақшасында бөлісті.

«Бұл — университет тарихындағы ғылым және бизнестің алғашқы сәтті серіктестік жобасы. Сондықтан жобаларды жүзеге асыруға қажет қаражаттың екінші бөлігін — 315 миллион теңгені бизнес өкілдері бөледі. Осылайша, жалпы құны 1 миллиард теңгеден асады.

Жобалардың бірі «КазЭнергоМашЭкология» ЖШС компаниясымен бірлесіп Қарағанды облысында «жасыл» технология ізімен газ тазарту жабдықтарын енгізу бойынша жаңа өндіріс орнын ашуды көздейді.

Екінші жоба бойынша ғалымдарымыздың жұмысы «Пакер KZ» ғылыми-өндірістік фирмасымен бірлесіп Ақтөбеде ферроникель өндірісін жолға қоюға бағытталған. Бұл жобалар отандық өнеркәсіптің дамуына үлес қосып қана қоймай, өндірістегі экологиялық мәселелерді шешуге ат салыспақ.

Жоба қатысушылары — Марат Имангазин, Багдагул Уахитова, Нұрбек Дуймуханов, Ерлан Жұмағалиев, Ербол Шабанов, Азамат Мухамбеткалиев, Динара Уланова.

Былтыр Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңестің бірінші отырысында ғылымның жаңа үлгісі мемлекет пен бизнестің әріптестігіне негізделуге тиіс екені айтылды. Университет ғылымын дамыту және нәтижелерді коммерцияландыру мәселесіне күш салдық. Арнайы офис ашып, білікті мамандар тарттық.

Бүгінгі жаңалық отандық ғылымда әрі университетімізде осы бағытта жасалып жатқан жұмыстың салмақты нәтижесі деуге болады», — деп жазды ЖОО басшысы.

ПЕРВЫЕ ГРАНТЫ НА
КОММЕРЦИАЛИЗАЦИЮ

Два проекта ученых кафедры «Металлургия и горное дело» Zhubanov University получили гранты на коммерциализацию от «Фонда науки» на общую сумму 700 миллионов тенге. Приятной новостью поделилась ректор университета Лаура Карабасова на своей странице в социальной сети.

«Это первый успешный партнерский проект науки и бизнеса в истории университета. Поэтому вторую часть средств, необходимых для реализации проектов — 315 миллионов тенге — будут выделять представители бизнеса. Таким образом, общая стоимость составит более 1 миллиарда тенге.

Один из проектов, совместно с компанией ТОО «КазЭнергоМашЭкология», предполагает открытие нового производства по внедрению газоочистного оборудования в рамках «зеленой» технологии в Карагандинской области.

По второму проекту наши ученые совместно с научно-производственной фирмой «Пакер KZ» нацелены на налаживание производства ферроникеля в Актобе. Эти проекты не только способствуют развитию отечественной промышленности, но и направлены на решение экологических проблем в производстве.


Участники проекта — Марат Имангазин, Багдагул Уахитова, Нұрбек Дуймуханов, Ерлан Жұмағалиев, Ербол Шабанов, Азамат Мухамбеткалиев, Динара Уланова.

В прошлом году на первом заседании Национального совета по науке и технологиям при президенте было отмечено, что новая модель науки должна основываться на партнерстве государства и бизнеса. Мы приложили усилия к вопросу развития университетской науки и коммерциализации результатов. От

— 315 million tenge — will be allocated by business representatives. Thus, the total cost will amount to more than 1 billion tenge.

One of the projects, jointly with «Kazenergomashkekologiya» LLP, involves the opening of a new production facility for the introduction of gas purification equipment within the framework of «green» technology in the Karaganda region.

According to the second project, our scientists, together with the scientific and production company «Packer KZ», are aimed at establish-



ing the production of ferronickel in Aktobe. These projects not only contribute to the development of domestic industry, but are also aimed at solving environmental problems in production.

The project participants are Marat Imangazin, Bagdagul Uakhitova, Nurbek Duimukhanov, Yerlan Zhumagaliyev, Erol Shabanov, Azamat Mukhambetkaliyev, Dinara Ulanova.

Last year, at the first meeting of the National Council for Science and Technology under the President, it was noted that the new model of science should be based on partnership between the state and business. We have made efforts to develop university science and commercialize the results. We opened a special office and attracted qualified specialists.

Today's news is a significant result of work in this direction in Russian science and at our university,» the head of the university wrote.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айгерке Сұлтанбекова

Anniversary

Біздің қадірлі әріптесіміз, ақылшы апайымыз, әрдайым жүзінен жақсылықтың нұры есіп тұратын Сақыпжамал Жаянқызы Ташимбаева мерейлі 60 жасқа толды.

Есімінің өзі естіген жанға ерекше әсер ететін Сақыпжамал апай — Ақтөбенің аймаңдайлы аруы, шырайлы Шалқар өңірінің шежірелі Шетырғыз ауылында ел басқарған Жаян ата мен Жәния ананың шаңырағын шаттыққа бөлеп, осыдан тура алпыс жыл бұрын дүние есігін ашқан. Ағасына аяулы қарындас, әпкесіне сырлас сіңлі, ізінен ерген, бір туған бауырларына жанашыр әпке бола жүріп, қос шынарының шексіз мейіріміне қанып, бақытты балалық шақтың балдауренін өткізеді. Асау өмір арнасы апайымызды ақ бантик тағып, білім нәрімен сусындаған мектебін аяқтап, қош-



ле жатқан, көңілдері көлдей алтын достармен бітпейтін байланыс басталды.

З.Қабдолов, Т.Кәкішев, М.Серғалиев, Қ.Мырзалиев сынды саңлақтардың сабақтары, тағылымы мол дәрістері студент Сақыпжамалды қазақ руханиятының тереңіне бойлатып, тұңғығынан нәр татырды, болашақ мамандығының қыр-сырын игертті. Дәл сол сәттердегі тағы бір жақсы өзгеріс — өзінің өмірлік жарын жолықтырды, балаларының әкесімен тағдыр табыстырды.

КазГУ — Сақыпжамал апайдың жастық шағының шуағы мол күәсі, еске түскенде еріксіз жанын тебіртетін таусылмайтын том-том естелігі, жырақта жүрсе де үнемі тілеуін тілейтін өмір тарихының алтын әріптермен әдіптелген әдемі парағы.

Еліміздің еңселі оқу орнының дипломын иеленген жас маман өз кәсібін Шымкент педагогикалық училищесінен бастады. Өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялайтын, қызығы мен қиындығы қатар жүретін ұстаздық жолда кейіпкеріміз өзіне ғана тән, ешкімге ұқсамайтын өмірлік ұстанымын, дара ізін қалыптастырды. Бар қарым-қабілетін, зейін-зердесін, таным-түйсігін осы салаға салды. Тынымсыз еңбек, төгілген майдай тердің толымды нәтижесі бүгінде анық көрінуде. Кең байтақ қазақ даласының әр түкпірінде Сақыпжамал апайын сағына еске алатын, берген сабағы мен үйреткен тәлімін сағаттап айтудан жалықпайтын сан мыңдаған шәкірттері абыройлы қызмет етіп жүр.

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, соның ішінде Қазақ әдебиеті кафедрасы Сақыпжамал Жаянқызының автобиографиясынан айтулы орын алады. Жоғары мектептегі ширек ғасырлық тәжірибе кейіпкерімізді кәсіби білікті маман етті, қоғамда өткен мен бүгіннің арасына рухани алтын көпір салатын болашақ филологтарға білім беру ісінде тыңғылықтылығымен, талапшылдығымен, іскерлігімен танылды. Қазақ әдебиеті тарихы, әлем әдебиеті тарихы пәндері бойынша жүргізіп келе жатырған дәрістері ғылыми ақпаратының дәлдігімен, материалдық негізінің молдығымен ерекшеленеді.

Сақыпжамал Жаянқызы — жүрегі ұстаздық мейірім мен қамқорлыққа толы ерекше жан. Алдына келген әр шәкіртті тек білім нәрімен ғана сусындатып

ЕРЕКШЕ ЕСІМДІ, ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕС

тасар сәтте, өкінішке қарай, айналып өтпеді. Асқар тау әкесінің кенеттен келместің кемесіне мінуі мынау тірліктің тек тәтті дәмін ғана татып үлгерген бойжеткеннің жүрегіне мұң, көңіліне қаяу түсірді. «Қызғалдағымды КазГУ-де оқытам» деген әке арманын жүзеге асы-

ру мақсатында ауылдан алты қадам әрі асып көрмеген балаң қыз — Сақыпжамал поездға мініп, ару қала Алматыға аттанып кетті. Бағыт біреу еді — білім мен ғылымның қарашаңырағы, сол заманда КазГУ атауымен танымал ЖОО-ның филфагына оқуға түсу!

Үкілі үміт пен сананың төріне орныққан сенім талапкерді дегеніне жеткізіп, аты аңызға айналған оқу ордасының студенті атанды! Әрі қарай қайта айналып оралмайтын студенттік шақтың қызығы мен шыжығы, бүгінде әрқайсысы бір төбе, желісі бір үзілмей ке-





Шәкіртке бай ұстазбын

38 жыл ұстаздық жолымда 9 топқа куратор-эдвайзер болған екенмін.

Бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде әртүрлі салада абыройлы қызметте жүрген шәкірттеріммен сыйластық, байланыс үзілген емес, Ұстаз деген ұлы мамандықтың бір бақыты шәкірттерімнің ұстазға деген өлшеусіз құрметінен көрініс табады деп ойлаймын.

Сақыпжамал Ташимбаева

қоймай, өмірлік ұстанымын, адамгершілік қасиетін қалыптастыруға бар ынта-ықыласымен кірісіп кететініне біздер, әріптестер, әрдайым куә болып келеміз. Ол кісіден тәлім алған студенттер қашан да болмасын ұстаздарын зор құрметпен еске алып, есімін үнемі мақтанышпен айтып жүреді.

Сақыпжамал апайымыз — Шолпан есімді сұлу қыздың, Азат есімді азамат ұлдың ардақты анасы, сүйкімді жиендердің сүйікті әжесі. Әлі де талай немере-шөберенің ақ жаулықты әжесі атанатынына

кәміл сенеміз.

Құрметті Сақыпжамал Жаянқызын мерейлі жасымен құттықтаймын! Ғылым мен Білімнің, Тәрбиенің төрінен алған орныңызда шығармашылық шабытыңыз шалқи түсіп, толағай табыстарға кенеле беріңіз! Мықты денсаулық тілейміз, ұрпағыңыздың ортасында 100 жасаңыз!

Рита Жұмағалиева
Zhubanov University
Қазақ филологиясы
кафедрасының
аға оқытушысы, магистр

Менің әкем

Мына суретте әкем 46 жас шамасында екен, әкеден есін білер-білмес жасында айрылып, жалғыз апасы, шешесімен бірге ел қатарлы өмір сүреді, анасын тастап кете алмай білім алмаған, анамның да 5 кластық ғана білімі болды.

1981 жылы мені (өзімнің қызым дейтін) КазГУ-ге апарамын деп жүргенде өмір керуені кілт тоқтады, небәрі 49 жаста. Шиемтей бала-шаға, әжем бар, әкесіз қалдық, әкемнің аманатымен мен сол жылы КазГУ-дің студенті атандым, ме-



Әкем совхозда рабочком болып, өмірінің соңына дейін қызмет жасады, жан баласына дауыс көтермейтін, өте мәдениетті, сабырлы, ел ағасы, өмір руының сыйлы азаматы болған еді. «Өзім оқи алмадым, ұл-қыздарымды оқытуым керек», — деп алдына мақсат қойған әкем ең алғаш үлкен апамды ЖенПИ-ге оқуға әкеліп сол жылы студент атанды, сөйтіп ұл-қызының білім жолын әкем Алматыдан бастады, одан кейінгі ағам КазПТИ-де оқыды, үлкен апам мен ағамды кемпірдің балалары дейтін.

нен кейінгі сіңілім де КазГУ-де білім алды. Әкеміздің білімге салған сара жолын жалғастырып, бәріміз жоғары білім алдық, анамыз құрыққа сырық жалғап оқытты, шүкір, немере, шөбере сүйді, әкем көрмеген қуанышты көріп, 82 жыл ғұмыр кешті. Әкеміз ана дүниеде ұл-қызының өзі салған білім жолымен жүргенін, өмірінің жалғасы өке абыройын асқақтатқанын сезіп, шаттанатын болар деп ойлаймын, өзі оқымаса да бізге білім берген ӘКЕ рухына алғысымыз шексіз, жұмақта жүріңіз Жан әкем!

Сақыпжамал Ташимбаева

✓ 125 years since the birth of Kudaibergen Zhubanov

Қазақ тілі ғылымының негізін салушы Құдайберген Жұбановтың жарқын есімі 1937 жылдың күзінен 1957 жылдың күзіне дейін, яғни жиырма жыл бойы нақақтан қаралану құрсауынан шыға алмады. Бірақ алтын кездіктің қын түбінде жатпайтыны секілді, әбден зарықтырып барып оның да жарыққа шығар күні туды.

Кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов пен тілші-ғалым Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ лингвистикасының негізін салушы» атты мақаласы ұлы тұлғаны елінің құшағына қайта оралтудың алғашқы қарылғашы іспетті болды.

Осыдан кейін ғұлама ғалымды қайта тану ісі кеңінен жалғаса түсті. Академик Мұхаметжан Қаратаев бастап, белгілі ғалымдар Ахмед Ысқақов, Ғайнетдин Мұсабаев, Мәулен Балақаев, Рабиға Сыздық, Әбдуәлі Қайдар және басқалары ұлы ұстаз еңбегін жан-жақты көрсетуге күш салды.

Бастапқыда Құдайберген Жұбановтың қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі екендігі алға тартылды. Одан кейін сол ғылымның теориялық негізін салған бірегей оқымысты екені нақтыланды. Бірте-бірте зерттеу аясы кеңейіп, оның ана тіліміздің тарихын тереңдету арқылы түркология әлеміне жол салғаны, онымен де тоқтап қалмай, әлемдік тіл біліміне құлаш ұрғаны зерделенді.

Біз бүгінгі мақаламызда көрнекті ғалымның бойына біткен сан қырлы таланты, ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері туралы сөз қозғамақпыз. Оның ішінде биыл 100 жылдығы аталып отырған облыстық «Ақтөбе» газетінің алғашқы бастауы болған «Кедей» басылымындағы мақалалары туралы айтпақшымыз.

Жазушы Ғалым Ахмедовтің жазбаларынан

Белгілі әдебиетші, аудармашы, өткеніміздің шежіресінің білгірі Ғалым Ахмедовтің 1986 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ескі достар» атты жинағында «Арманын орындаған адам» деген әдемі бір естелігі бар. Осы еңбектің негізгі кейіпкері Ахмет Жұбанов болғанымен, оның ағасы Құдайберген туралы да аз айтылмайды. Біз де сол үзік-үзік деректерге көз жүгірте отырып, кейбір жайларды бүгінгі оқырман қауым назарына ұсынғанды жөн көрдік.

«...Темір елінің балалары көбінесе Ақтөбе, Орынбор гимназиясында немесе басқа оқу орындарында оқитын. Мысалы, Ахметтің ағасы, белгілі қазақ лингвисті, профессор Құдайберген Жұбанов Орынбордағы «Хұсайния» медресесінде оқыған.

Ол жылдары Құдайберген Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінде инспектор болып істейді. Мен уездік оқу бөлімінде инспектор едім» деп бастайды ол әңгіме желісін.

Одан әрі Құдайбергеннің өздерінен алты-жеті жас үлкендігін, қатарлары аға тұтып, сыйлайтындығын алға тартады. «Өзі де сыйлауға тұратын, келісті, келбетті, білімді, жайдары мінезді адам» деп және бір сипаттайды.

Осы мақалада Құдайберген Жұбановтың көпшілік біле бермейтін жаңа қырлары ашыла түседі. Мәселен, «Бұрынғы «Триумф» кинотеатрының үйінде жетім балалардың пайдасына қазақша ойын-сауық өткізіп, пьесалар қоямыз. Ол ойындардың басқарушысы әрі режиссері Құдайберген және басты рөлдердің бәрін әрқашан өзі ойнайды, концерт бөлімінде диклология айтады» дейді автор.

Бір күні фисгармония деген музыкалық аспап сатып әкеледі де, оны өнерге бейім болып жүрген Ахмет інісіне алғанын айтады. Кейін

бауырының музыкалық кәсіби білім алуы үшін Ленинградқа жіберген де Құдайберген ағасы екен.

Енді жазушы жазбасындағы мына бір деректі де келтіре кетелік:

«Құдайберген ағай да, Ахмет те сөзге шешен, айтайын деген ойларын өткір жеткізе айтушы еді. Білетіндер екеуін де нағашыларына тартқан десетін. Нағашы аталары Шалқар уезі жағындағы Жанғылыш деген рудан шыққан Тағыберген заманында белгілі би болыпты. Ол адамгершілігімен, шешендігімен аты шыққан, елге сыйлы би болса керек...».

...Сөз соңында Ғалым Ахмедов туралы аздап түсінік бергеніміз жөн болар.

Ол 1906 жылы Алға ауданының 1-мамыр ауылында дүниеге келген. 1925 жылы Орынбордағы Халық ағарту институтын бітірген. 1926-1932 жылы Ақтөбе, Жамбыл облыстарында кәсіподақ, шаруашылық қызметтерінде болады. Қазақстан Коммунистік партиясы Оқруттік кеңесінің нұсқаушысы,



Құдайберген Жұбановтың

сы, Жамбыл қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарады. 1944 жылы Қазақ мемлекеттік біріккен баспасының Бас редакторы, 1950 жылы көркем әдебиет (кейін «Жазушы») баспасының директоры болып тағайындалып, әдебиетімізді өркендетуге белсене атсалысады.

Ел өміріне, ұлт тарихына байланысты зерделі еңбектер жазды. Тарихи тақырыпқа арналған «Жорық жылдары», «Жем бойында» романдарының, бірқатар публицистикалық еңбектердің авторы. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. 2002 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

«Кедей» газеті және Құдайберген

Құдайберген Жұбановтың бір қыры — журналистикамен байланысты.

Бұған оның жас кезінен белгілі қалам иесі Жиенғали Тілепбергеновпен достығы да біршама әсер еткен сыңайлы. Жиенғали өзінен жасы кіші Құдайбергенді бір жағы

інісіндей көріп, жанына жақын тартады. Ол өзінің «Таңбалылар» повесінен кейінгі сүйекті туындысы — «Сүйіскендер» пьесасының бас кейіпкерінің прототипі етіп Құдайберген Жұбановты алады.

Жас Құдайбергеннің қаламының қуаты Қазан төңкерісінен бұрын-ақ байқалады. Сол кездің өзінде оның мақалалары «Шекті», «Қараша бала» лақап аттарымен жарияланып тұрады.

Әуелі Күйікқалада «Тез», одан кейін Темірде «Ай» атты қолжазба журнал ұйымдастырып, сол кезеңде М.Горькийдің «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Хан мен ұлы» сияқты туындыларын қазақ тіліне аударуы, одан кейін «Мақпал-Серіз» дастанын негізге ала отырып, Жиенғали ағасымен бірігіп пьеса жазуы, арасында өлең жазуға да бой ұруы жас талаптың жарқын қырларын аша түседі. «Ай» деген өлеңі арқылы халықтың көзін ашып, көңілін ояту сияқты адал ниетін байқатады.

Осындай ізденіс-талаптарымен көзге түсіп, айнала жұртшылыққа таныла бастаған кезінде ол 1924 жылы жарыққа шыққан «Кедей» га-



Көп қыры

зетін қуана қарсы алады және оның жұмысына белсене қатысады.

«Кедей» газетінің 1927 жылғы 7 қарашадағы №45 санына қосымша шыққан тұңғыш кітапшада «Таңжарықтың қуанышы» атты туындысының жарық көруі оның әдебиеттегі айқын үнін білдіруі іспетті болды.

Одан кейін «Кедейдің» 1928 жылғы 4 қазандағы №31 санында «Төрт қызық, мың бейнет, жарық өмір» атты памфлет жанрындағы мақаласы жарияланады.

Құдайберген Жұбанов Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінде қызмет істей жүріп, білім беру, ағартушылық ауқымындағы мақалаларын жергілікті баспасөзде жиі жариялап тұрады. Ол «Сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектеп», «Халық ағарту ағысындағы төңкеріс толқыны», «Мұғалімдер, зер сал. Губатком, жәрдем ет!», «Коммуна мектебі 7 жылдық болсын!», «Оқу жайындағы мұнды осы бастан айту керек», «Жаңа әліппе сабақтары», «Аулақтан оқыту», «Еңбек мектебінің онжылдығы» деп аталатын мақалаларында ауылдардағы мектептердің жағдайы, мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік көмек, оқу-

лықтар мен көрнекі құралдардың тапшылығы туралы мәселелер көтереді.

Сол қатарда губерниялық «Кедей» газетінің 1925 жылғы №62 санында жарияланған «Ойыл коммуны мектебі кімге тиіс?» атты мақаласында уақыт талабына сай проблемалық жайды қозғайды.

Құдайберген Жұбановтың «Кедей» басылымындағы жарияланымдары туралы белгілі журналист, филология ғылымдарының кандидаты Әмір Оралбай кезінде өзінің зерттеу мақаласын жазды.

Есет ағаның елге оралуы

Өмірде бір үйлесімді сәйкестіктер болып тұрады.

1990 жылы Ақтөбе педагогикалық институтына Құдайберген Жұбановтың есімі берілді. Сол кездегі ректор, профессор Мұхтар Арыновтың бастамасымен көрнекті ғалымның ғылыми мұраларын кеңінен зерттеу және зерделеу мақсаты алға қойылды. Оны жүзеге асыру үшін түрколог-

ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарып жүрген Есет Құдайбергенұлы Жұбанов Ақтөбеге қызметке шақырылды.

Есет аға бастапқыда жаңадан құрылған «Қазақ тіл білімі» кафедрасына жетекшілік етті. Одан кейін 1992 жылы «Жұбановтану» зертханасы ашылып, өмірінің ендігі қалған бөлігін еке аманатын орындауға арнады.

Есет Жұбановтың елге оралуымен жоғары оқу орнында жаңаша ғылыми орта қалыптасты, филология факультетінде болашақ мамандарға білім берудің заманауи сипаты өрнек құрды.

Ең бастысы, Жұбановтану тақырыбы өзекті мәселеге айналды. Факультет ғалымдары, студенттер Құдайберген Жұбановтың лингвистикалық, мәдениеттанымдық, әдебиеттанушылық, қоғамдық-тарихи ғылыми мұраларын қарастыруға зор ынтымақпен кірісті. Осы қатарда Жанна Тектігүл «Құдайберген Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», Мұхтар Миров «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі», Нұрбол Сәдуақас «Профессор Құдайберген Жұбанов және қазақ тілінің фонетикасы», Әмір Оралбай «Құдайберген Жұбановтың публицистикасы» тақырыптарында кандидаттық диссертацияларын қорғады.

Құдайберген Жұбанов облыстық басылымның алғашқы аталуы — «Кедей» газетінің жұмысына белсене қатысса, оның баласы Есет Жұбанов «Ақтөбенің» белсенді авторларының біріне айналды.

«... жарқын құбылыс!» деп бағаланған...

Ұлы ғалым Құдайберген Жұбанов туралы қаншама бағалы пікірлер айтылды, соның бәрі оның баласы Есет аға үшін жүрекке ыстық тиетін, көңілін жылытатын. Солардың кейбіреуін бүгінгі күні келтіре кетсек, артықтығы болмас.

Жазушы Мұхтар Әуезов: «Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді», — деп айтқан екен кезінде.

Көрнекті ғалым Мәулен Балақаев: «Құдайберген Жұбанов еңбектері арқылы қазіргі қазақ тіл білімінің іргетасы қалана бастады. Сондықтан оны біз қазақ тілін ғылыми жолмен зерттеу жұмысының негізін қалаушы деп танымыз», — деп өз тұжырымын жасады.

Құдайберген Жұбановтың қазақ ғылымы мен мәдениеті тарихындағы орны туралы белгілі ғалым Әнуар Дербісалин былай дейді: «...Құдайберген Қуанұлы Жұбанов — халқымыздың мәдениет, ғылым, өнер тарихындағы аса бір жарқын құбылыс».

Профессор Әбдуали Қайдар: «Қазақ жерінің перзенті, тамаша лингвист-ғалым, профессор Құдайберген Жұбанов — біздің мақта-

нышымыз. Өйткені ол — Қазақстан лингвистикасының аспанынан нұрын шашқан шұғылалы шоғырдың ішіндегі жарық жұлдыздарының бірі» деп жазғаны бар.

Белгілі ғалым Төлеутай Ақшолпақов «Ірі педагог, методист ғалым» деген мақаласында былай депті: «...бес аспап дарын иелерінің бірі — профессор Құдайберген Жұбанов. Тіл ғылымының білімдары, түркі төркіндес халықтардың ғана емес, Еуропа мен Азияның басқа халықтарының тілдерін бойына дарытқан полиглот болумен қатар, ол музыка зерттеушісі де, психолог та, педагог та, социолог та, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы да».

Жиырмамыншы ғасырдың жиырмамыншы жылдары Құдайберген Жұбанов қазақ әліпбиін латынға көшіру ісіне белсене қатысады. Қазақ әліпбиінің болашағы латын тілінде деп түсінген ол бұл істің жедел жүзеге асқанын қалайды.

Қызғалдақ Есетқызы кейінгі бір естелігінде: «Әзірбайжанда бүкіл түркі тілдес халықтардың жиыны болған. Ондағы мамандар өкеміздің жазған әліпбиін өте қолдапты. Кейіннен мәскеулік ғалымдар «Репрессияланған түркітану» атты кітап жазды. Онда Байтұрсынов, Бөкейханов, Шонанов, біздің де өкеміздің аты аталады», — дейді.

Құдайберген Жұбановтың көп тіл білетіндігі туралы әдетте көп айтылады. Ол балаң кезінде Оспан ишанның мешітінен дәріс алып, араб тілін үйреніп шығады. 1918 жылы Електегі екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіріп, орысшасын түзей түседі.

1920 жылы Орынбор қаласындағы Құсаиния медресесін бітіреді. Осы тұста араб, парсы, орыс, латын, түрік, жапон, француз, ағылшын, неміс тілдерін меңгереді.

Оның ерекше публицистік таланты туралы да талай жерде айтылып жүр. Мәселен, «Күй» деген еңбегі алған тақырыбын игеру, нақтылы деректерінің молдығы, көркемдік сипаты, баяндалуы тұрғысынан озық дүние ретінде бағаланады.

Құдайберген Жұбановтың көп қыры дегенде, оның қазақтың ағартушысы Шоқан Уәлиханов үлгісімен сурет өнеріне құмшарлығын да айтпай кетуге болмайды. Ол қарындашпен де, майлы бояумен де суреттер салумен әуестенген. Орынборда, Күйіқалада, Ақтөбеде жүргенде кәсіби суретшілердің кеңесіне құлақ түріп, ою жұмыстарына да көңіл қойған. Темір, Жұрын аудандарында оның қолынан шыққан құлпытастар көп кездесетіндігі туралы деректер бар.

«Құдайберген сурет өнеріне өте шебер болды. Ол майлы бояумен, қарындашпен, тіпті көмірмен де әдемі суреттер сала беретін. Суретпен қатар, ою өнерімен де айналысатын. Ағашқа, тасқа небір тамаша оюлар салатын», — деп байырғы ұстаз Абдолла Беркінов еске алыпты естеліктерінің бірінде.

Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
aqtobegazeti.kz

☑ Summer camp

Еуразиялық Топ (ERG), Алматы Менеджмент Университеті және Әлеуметтік технологияларды дамыту қауымдастығының ұйымдастыруымен 19-25 тамыз аралығында Алматы қаласында «BigIdeasCamp 2024» лагерьі жұмыс жасады. «Студенттік кәсіпкерліктің экожүйесі» жобасы аясында өткен лагерьге Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды және Қостанай облыстарынан 90-нан астам студент қатысты.

Қатысушылар инновацияларды жасау дағдыларын дамыту мақсатында жеті күн бойы Қазақстанның бизнес қоғамдастықтарының тәжірибелі тәлімгерлері мен спикерлерінің мотивациялық баяндамаларын тыңдады.

Лагерьдің әр күні белгілі бір тақырыпқа арналды. Атап айтқанда, алғашқы капиталды жинақтау, инвестиция тарту және тәжірибелік үлгіні жасау үшін заманауи технологияларды пайдалану бойынша семинарлар өткізілді. Қатысушылар табысты бренд құруды, тиімді сату командасын жасақтауды және сату презентациясын әзірлеуді үйренді.

Сонымен қатар «BigIdeasCamp 2024» лагерьінде жас кәсіпкерлер өз аймақтарында идеяларын жүзеге асыру және кәсіпкерлік экожүйесін жақсартуға бөлінген 1 миллион теңге жұлде үшін өзара білім жарыстырды.

Байқауға Zhubanova University университетінен 4 команда қатысты. Олар:

- NRJ (Heriot-Watt кампусы) — шағын не орташа кәсіпорын шеңберінде ұйымдасқан коммерциялық қызметтегі қызметкерлерді бақылау платформасы;

- ZKD^2 (Экономика және құқық факультеті) — апсайклінг, қыз жасауымен келген көрпе- жастықтарды қайта қалпына келтіру, заттарды экологиялық тұрғыдан күтіп ұстау;

- Shyraq (Экономика және құқық факультеті) — көз жанарын, көздің көру қабілетін жақсартуға арналған қызмет көрсету жүйесі;

- Shamshyraq (Педагогика және білім берудегі менеджмент және физика-математика факультеті) — жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсету платформасы.

Қазылар алқасы қатысушы командалардың бастапқы идеяларына ғана емес, сонымен қатар, брендтің жалпы тұжырымдамасына, ілеспе әзірлемелеріне және таныстырылымына мән берді.

Байқау нәтижесінде «Zoova» жобасымен Ecometa командасы және «Dream Restoration» жобасымен ZKD^2 командасы жеңімпаз атанды. Жеңімпаз командалар 500 000 теңге көлемінде қаржылай сыйлыққа ие болды.

Әсел Бақбергенқызы

ЖҰБАНОВШЫЛАР «BIGIDEASCAMP 2024» ЛАГЕРІНДЕ ДЕМ АЛДЫ



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University
облыстық ақпараттық-
танымдық газеті**

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

**Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова**

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана